

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

АНТРОПОЛОГИЯ АНТРОПОЛОГИЯ ANTHROPOLOGY

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_353-360

FTAMP 03.61.91

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

С.Е. Әжіғали, Б.Ә. Әшім*

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: s.azhigali@gmail.com (Әжіғали), ashim.baglan@gmail.com (Әшім).

Андатпа. Мақалада Қобда өлкесінде 2021 жылы жүргізілген кешенді этнографиялық-этноархеологиялық зерттеулердің далалық материалдары жарияланып отыр. Зерттеудің негізгі нысаны XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы қазақтардың көне зираттары болып табылады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қобда ауылы және оның солтүстік-батыс бағыты, яғни «Ұлы Қобда» өзенінің бойымен Ақраб ауылына дейінгі өңірлердегі XIX ғ. аяғы – XX ғ. басына жататын Жалғыз мола бейіті, Қара мола қорымы, Саға мола бейіті, Ақмола қорымы және атауы белгісіз болған төрт қазақ зираты сипатталады, ондағы әулеттік немесе үлкен отбасыларға арналған қорғандары және құлпытастары талқыланады. Сонымен қатар, аудандық Қобда мұражайы туралы және Молда Шәріп мешітінің архитектуралық ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: Қобда өлкесі, Қобда мұражайы, қазақ зираты, Жалғыз мола бейіті, Қара мола қорымы, Саға мола бейіті, Ақмола қорымы.

MPHTI 03.61.91

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ

С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим*

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: s.azhigali@gmail.com (Ажигали), ashim.baglan@gmail.com (Ашим).

Аннотация. В статье излагаются полевые материалы этноархеологических исследований, проводившихся в Хобдинском регионе в 2021 году. Объект исследования – старые казахские кладбища конца XIX – начала XX в. По результатам исследовательских работ дана характеристика погребальным комплексам Жалғыз-мола, Кара-мола, Саға-мола, Ақмола и четырех безымянных казахских кладбищ, относящихся к периоду конца XIX – начала XX в. и расположенных к северо-западу от аула Хобда, то есть вдоль реки Большая Хобда на территории по направлению к аулу Ақраб; проведен анализ курганов и кулпытасов, принадлежащих семейным и большесемейным группам. Характеризуется районный Хобдинский музей, рассматриваются архитектурные особенности мечети Молда-Шарип.

Ключевые слова: Хобдинский регион, Хобдинский музей, казахские кладбища, комплекс Жалгыз-мола, могильник Кара-мола, кладбище Сага, могильник Акмола.

IRSTI 03.61.91

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION

S.E. Azhigali, B.A. Ashim*

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

*Correspondent author

E-mail: s.azhigali@gmail.com (Azhigali), ashim.baglan@gmail.com (Ashim).

Annotation. The article presents the field materials of ethnoarchaeological research conducted in the Khobda region in 2021. The object of research is the old Kazakh cemeteries of the late XIX – early XX centuries. According to the results of research, the characteristics of the burial complexes of Zhalgyz-mola, Kara-Mola, Saga-Mola, Akmola and four unnamed Kazakh cemeteries belonging to the period of the late XIX – early XX century and located northwest of the village of Khobda, that is, along the Uly Khobda River in the territory towards the village of Akrab are given; the analysis of mounds and kulpytas belonging to family and large-family groups was carried out. The regional Khobda Museum is characterized, the architectural features of the Moldasharip mosque are considered.

Key words: Khobda region, Khobda Museum, Kazakh cemeteries, Zhalgyz-mola complex, Kara-mola burial ground, Saga cemetery, Akmola burial ground.

Кіріспе. Ақтөбе облысында 2021 жылдың 03 тамыздан 03 қыркүйек аралығында Батыс Қазақстан кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясы зерттеу жүргізді. Экспедицияны Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп өткізді. Кешенді экспедицияны Институттың бас ғылыми қызметкері, профессор С.Е. Әжіғали басқарды. Экспедицияның мақсаты аудандық өлкетану мұражайларын және ауыл төңіректерінде орналасқан және шалғайда жатқан қазақ ескерткіштерін (зираттар, қорымдар және мешіттер) зерттеу және жолай информаторлардан қызықты тарихи оқиғалар, этнографиялық мәліметтер жинақтау болды. Кешенді экспедицияның маршруты негізінен Ақтөбе қаласынан шығып, батыс және оңтүтік-батыс бағытта жүрді. Қазіргі аудандық бөлініс бойынша Қобда, Ойыл және Байғанин аудандары қамтылды. Алайда, мақалада Қобда өлкесінде жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қарастырылады. Алдағы уақытта Қобда ауданымен қатар, жоғарыда аталған Ойыл, Байғанин аудандарында жүргізген зерттеулердің нәтижелері толықтырып, ғылыми басылымдардың бірінде жарияланатын болады.

Материалдар мен әдістер. Мақалада авторлардың 2021 жылы Қобда өлкесінде жүргізілген «Батыс Қазақстан кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) кезінде жинаған материалдары қарастырылады. Негізінен мақала этнография, этноархеология және жаңа ғылыми бағыт қазақ ескерткіштануы ғылым салаларын қамтып жатыр. Мақалада эмпирикалық сипаттау, талдау әдістері кеңінен қолданылды.

Экспедицияның ғылыми нәтижелері. Алғашқы далалық зерттеу жұмысы Қобда өңірінен басталды. Экспедицияның негізгі жұмысы аудан орталығы Қобда ауылында орналасқан орталық музейді зерттеуге басымдық берілді. Музей ресми түрде «Ақтөбе облысы тарихи-өлкетану музейі Қобда бөлімшесі» аталады. Музей аудандық әкімдігі ғимаратының ішінде бір бөлмеде, яғни, нақтырақ айтқанда, бұрынғы партия қызметкерлеріне арналған кітапханада орналасқан. Музей өткен ғасырдың 90 жж. ашылғанымен, өз алдына әлі күнге дейін ғимарат берілмеген. Дегенмен, әкімдіктегі бір бөлмеде орналасқан мұражай Қобда ауданының бай тарихын дәріптеуін осы

күнге дейін жалғастырып келеді. Барлық жәдігерлерін толық көрсете алмаса да, біршама құнды жәдігерлері мұражай экспозициясында қойылған. Негізінен музей тақырыптық экспозициясы бойынша рет-ретімен орналасқан. Жалпы экспозицияда құнды түпнұсқа жәдігерлермен қатар, кейбір тақырыптарды кеңінен ашу үшін қосалқы материалдармен толыққан. Мысалы, стендтерде фотосуреттер, түсіндірме мәтіндер, газет-журналдарда шыққан мақалалар және т.б. берілген. Музейдің экспозициясынан өлкенің табиғаты және ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы, мәдениеті жайында біршама қызықты мағлұматтар алуға болады. Ең алдымен музейдің экспозициясы өлкенің табиғат және археологиялық мұраларына арналған тақырыптан басталады. Онда түпнұсқа жәдігерлер – археологиялық қазба кезінде табылған ежелгі қыш құмыралар, Қиылдан табылған сардардың кіреуке сауыты (XVIII ғ.) қойылған. Одан кейін өңірдің батырлар, дін қайраткерлері, киелі орындар тақырыбына арналған стендтер жалғасады. Онда, түпнұсқа түріндегі жәдігерлер болмаса да, қызықты фотосуреттер, түсіндірме мәтіндер, мақалалар сияқты мәліметтер берілген. Келесі экспозиция өлкенің дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық мәдениетін суреттейтін құнды түпнұсқа жәдігерлерге орын берілген. Онда үй жиһаздары, дәстүрлі шаруашылық заттары, теріден жасалған шаруашылық бұйымдар, темірден жасалған түрлі заттарды көруге болады. XIX–XX ғғ. өңірлерге орыс және басқа да халықтардың қоныстануы және жергілікті қазақтардың олармен мәдени байланыстарының әсерінен қазақтардың тұрмысындағы көптеген шаруашылық заттардың өзгерістерге ұшырағанын және жаңашылдықты байқауға болады. «Қазақ қасіреті. Зұлмат пен үрей» тақырыбына арналған экспозициясы өте шағын болса да, қосалқы материалдармен қамтылып, кейбір экспонаттар қойылған. Сонымен қатар, 1939-1945 жж. екінші дүниежүзілік соғысы, одан кейін тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарына арналған экспозицияда өңірден шыққан батырлардың, соғыс ардагерлерінің, тың игерушілердің өмірдері, суреттері, кейбір қолданған заттары, медальдары, ордендері музейдің төрдегі экспозициясын толықтырып тұр. «Музыкалық инструменттер» экспозициясы барлығы дерлігі дәстүрлі болмаса да, қызықты түпнұсқалы экспонаттармен толыққан. Осыдан кейін совет дәуірі кезеңінде қолданған кейбір тұрмыстық-шаруашылық заттармен жалғасып, Тәуелсіздік Қазақстан экспозициясымен аяқталады.

Жалпы музейде 100-ге жуық экспонаттың суреті салынып, өлшенді; 45 жуық экспонаттың фототіркеуі жасалды; 30-ға жуық экспонаттың толықтай сипаты жазылды; «Дін сәулесін түсірген» (Ақтөбе, 2018), «Далама мешіт салдырған – артына мұра қалдырған Бірмағамбет ұста және ол тұрғызған мешіттер» (Ақтөбе, 2016), «Қобда өңірінің діни қайраткерлері» (Ақтөбе, 2020) атты музейде сақталған өңірдің дін тарихына байланысты кітаптардың көшірмесі алынды.

Осыдан кейінгі экспедицияның зерттеу нысаны Қобда да орналасқан татар типіне ұқсатып салынған Молда Шәріп мешіті болды. Мешіттің имамы Абай Шымболатовтың (1992 ж. Талдысайда туған, руы табын-айдары, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің түлегі) айтуынша, «мешіт 2007 ж. Шәріп молданың балдарының қолдауымен салынған. Сондықтан да мешіттің атауы аталарының есімімен байланыстырып «Шәріп молда мешіті» деп аталды дейді.

Мешіттің сыртқы келбеті бір қабатты, жалпы жоспары оңтүстік, оңтүстік-батыстан – солтүстік, солтүстік-шығыс бағытта созыла орналасқан. Мешіт қабырғасының сыртқы жағы қызыл кірпішпен қапталған. Шатыры төрт жаққа құламалы етіп жабылған. Солтүстік, солтүстік-шығыс жағында биік мұнарасы тұрғызылған. Мұнарасы сегіз қанатты етіп салынып, төбесі конус түрінде жабылған, ұшар басында айшығы бар. Мешіттің ішкі бөлмелері – намаз оқитын бөлме және шаруашылық-қызметтік бөлмелері – имам бөлмесі, тахаратхана (дәрет алатын орын), дәліз, кіреберіс бөлмелерден тұрады. Мешіттің негізгі намаз оқитын бөлмесі тіктөртбұрышты, әрі кең және ішіне жарықтың мол түсуі үшін сегіз терезесі салынған. Бөлменің оңтүстік, оңтүстік-батыс қабырғасында михрабы орналасқан. Михрабы жарты шеңберлі етіп апсида болып келген. Михраб жанында, яғни бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында ағаштан жасалған бес баспалдақты мінбері болса, бөлменің солтүстік-батыс бұрышында әйелдерге арналған намаз оқитын шағын орын берілген. Оны шаршы етіп матамен (пердемен? – Б.Ә.) бөліп қойған. Сонымен қатар,

бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында балаларға дәріс өткізетін орын да қарастырылған. Онда балалар жазатын бірнеше аласа үстелдер, дәріс тақтасы және кітап сөрелері қойылған.

Бөлменің солтүстік, солтүстік-шығыс жағы шаруашылық-қызметтік бөлмелермен жалғасады. Әуелі, солтүстік, солтүстік-шығыс жағында коридор орын тепкен. Осы коридордың шығысында имам бөлмесі, солтүстік, солтүстік-шығысында тахаратхана (жоғарыда айтып өткеніміздей, төбесінен мешіттің биік мұнарасы көтерілген) және батысында кіреберіс бөлмемен аяқталады.

Мешіттің ауласына кіреберіс жерде, көше бойында дін қайраткерлеріне арнап саяжол (аллея) салынған. Онда осы өңірден шыққан көптеген дін қайраткерлерінің есімдері, өмір сүрген жылдары көрсетілген. Оларды толығырақ атап өтер болсақ: Қазақай ахун Мұхаммадбин Ғали Дагестани Қазі (1711–1796), Әділ Хәзірет Әренжанұлы (1849–1925), Жұмағұл ахун Байшуақұлы (1858–1934), Сағидолла хазірет Жұмағұлұлы (1876–1964), Сүлеймен хазірет Мұсылманұлы (Сүлеке) (1830–1907), Бисен хазірет Абдоллаұлы (1878–1969), Сатай хазірет Игілікұлы (1847–1933), Хисамедин хазірет (1843–1920), Кәрімберген хазірет Сарқұлұлы (1886–1974), Алданияз хазірет Балжанұлы (1845–1925), Абдолла Амандықұлы (Әбдірахман) (1829–1905), Бірмағамбет Көшімқұлұлы (Бірімән) (1846–1922), Байгелдинов Хүсейін хазірет Нәкешұлы (1893–1940), Ізтілеу хазірет Бекенұлы (1857–1917), Бекмағамбет Бекпан хазірет Кенбайұлы, Тілеміс хазірет Тінәліұлы (1864–1925), Әжігерей Әбдірұлы (1879–1938), Рахманқұл Баймағамбетұлы, Мүбәрәк Рахманқұлұлы (1898–1933).

Жалпы бұл өңірде ХХ ғ. 30-шы жж. дейін көптеген мешіттер болған (Қазақ мешіттерінің ..., 2016). Олардың тарихи деректерде және бүгінде ел аузында сақталған әңгімелерде көп айтылғанымен, қазіргі күнге дейін нақты орны сақталғаны өте аз. Тек, қазіргі таңда біршама жақсы сақталған осы өңірдегі тарихи мешіттердің бірі «Шәкен ишан мешіті» (Әжіғали, Әшім, 2020: 233-234 бб.). 30 жж. түрлі дінге қарсы науқандар барысында дін қайраткерлері қудаланып, көптеген мешіттердің қиратылғаны, жабылғаны белгілі. Бүгінде бұл жөнінде Қобда өңірінің арнайы дін тарихын зерттеп жүрген өлкетанушылар Ж.О. Абуллина, Д.А. Абатова құрастырған мына кітаптарынан кейбір қызықты мағлұматтар алуға болады: «Дін сәулесін түсірген» (Ақтөбе, 2018), «Далама мешіт салдырған – артына мұра қалдырған Бірмағамбет ұста және ол тұрғызған мешіттер» (Ақтөбе, 2016), «Қобда өңірінің діни қайраткерлері» (Ақтөбе, 2020). Сонымен қатар, көптеген мешіттерді салған, осы өлкеде ерекше танылған шеберді де атап өткеніміз жөн. Ол сәулетші «Бірімән» атанған Бірмағамбет Көшімқұлұлы есімін бұл өңірде мақтанышпен айтады. Ол дін жолын ұстанған белгілі шебер болған. Оның осы өңірде бірнеше мешіт тұрғызғанын тарихи ауызша деректерде және жалпы көпшілік әдебиеттерде көп кездеседі (Бекназаров, 2005).

Экспедицияның келесі маршруты Қобда ауылының солтүстік-батыс бағытына қарай жүріп, «Ұлы Қобда» өзенінің бойымен Ақраб ауылына дейінгі өңірлер қаралды. Онда аты белгісіз 4 қазақ зираты, Жалғыз мола бейіті, Қара мола қорымы, Саға мола бейіті, Ақмола қорымдары зерттелді. Барлығы дерлігі ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғғ. басына жататын қазақ ескерткіштері болып табылады. Негізінен бұл бағыттағы экспедиция маршрутының ізденістері барлау түрінде жүрді. Онда кездескен ескерткіштерді қысқаша сипаттау, фототіркеу жасау, кейбір қызықты ескерткіштердің суретін салу және кейбір ерекше зираттардың жалпы орналасу жоспарын көзмөлшермен түсіру болды.

Экспедицияның алғашқы нысаны «Ұлы Қобда» өзенінің оң жағалауы бойында, Қобдадан 14 км солтүстік-батыста орын тепкен атауы белгісіз қазақ бейіті есепке алынды. Бейіт өте шағын әрі толықтай бүлініп, молалары шағын төбе күйінде қалған. Сақталған құлпытасы біреу ғана және таңбасы сақталған сынық құлпытас жатыр. Таңбасы тарақты-табын руыныкі. Бейіттің солтүстігінде, Қобдадан солтүстік-батысқа қарай 17,8 км жерде тағы да атауы белгісіз қазақ зираты зерттелді. Зират біршама үлкен болған, оның орналасу жоспары батыс, оңтүстік-батыстан – шығыс, солтүстік шығыс бағытта созылып жатыр (170x110 м). Зираттың басым бөлігі топырақ үйіндісі күйінде қалған. Оның тек 20 шақты құлпытастары сақталған. Біз зерттеу кезінде тек құлпытастары бар нысандарға 20 қазықша қойып шықтық. Құлпытастардың ішінде бесеуі ғана жақсы сақталған, он төрті жерде құлап жатыр, ал алтауы сынып, сынықтарының кейбірі

